

«8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Назарова Кулайша Бимаханбетовнаның «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың ұйымдағы ролі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі; 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен және Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басымдықтарына, оның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес жүргізілген. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбының бағыты 2015 жылы БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарының 17-мақсатымен – «Тұрақты дамуға жәрдемдесу мақсатында жаһандық серіктестікті нығайту және оны іске асыру тетіктерін жетілдірумен » тығыз байланысты. Қазіргі жаһандық жүйеде терең дағдарыстық үрдістердің өршуі, геосаяси шиеленістердің күшеюі, сондай-ақ халықаралық институттар тиімділігінің әлсіреуі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа моделдерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты сенім, ашықтық және ортақ жауапкершілік қағидаттарына негізделген өзара әрекеттесу форматтарын талдау ерекше өзектілікке ие. Осы тұрғыдан Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қытайдың сыртқы саяси тәсілін және «Шанхай рухы» қағидаттарының мазмұны мен мәнін ашу – халықаралық қатынастардағы жаңа ынтымақтастық тетіктерін, аймақтық қауіпсіздік архитектурасының трансформациясын түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыт. Зерттеу

			тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына толық сәйкес келеді және көпжақты дипломатия, аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық ықпалдасу үдерістерін зерделеуге елеулі үлес қосады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу қазақстандық шығыстану, аймақтану және халықаралық қатынастар ғылымдары, сондай-ақ қытайтану саласының дамуы үшін елеулі маңызға ие. Қытайлық тәсіл тәжірибесін зерттеу барысында аймақтық және жаһандық серіктестікті нығайту бастамалары, сондай-ақ олардың қауіпсіздік, экономикалық және мәдени-гуманитарлық тетіктері анықталған. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар теориясына жаңа үлгілерді енгізуге, ШЫҰ шеңберіндегі өзара әрекеттесу механизмдерін түсінуде маңызды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы практикалық маңызға ие. Аймақтық және халықаралық ынтымақтастықты тиімді ұйымдастыруда қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ізденушінің диссертациялық зерттеу аясындағы өзіндік жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында қойылған зерттеу мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар, аяқталған жұмыс болып табылады. Барлық ақпараттар дербес және түсінікті, мағыналық құрылымы сақталған. Тақырыпқа сай ғылыми еңбектер, бағдарламалық құжаттар мен түрлі дереккөздерді сараптау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар аталмыш зерттеудің маңыздылығын арттыруда.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ;	Диссертация өзектілігін қазіргі жаһандық өзгерістермен және мемлекеттер арасындағы серіктестік пен ынтымақтастықтың жаңа үлгілерін зерттеу қажеттілігімен,

	оның ішінде ШЫҰ аясында Қытай ұсынған «өзара тиімді ынтымақтастық», «консенсус», «өзара сенім» және т.б. қағидаттары арқылы серіктестік үлгісін ғылыми тұрғыда талдау қажеттілігімен негіздейді.	
	2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	
	1) <u>айқындалады</u> ;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	Ізденуші диссертациясының мазмұны оның тақырыбын толық ашқан. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде автор зерттеу жұмысының өзектілігін, мақсатын және диссертациялық зерттеудің міндеттерін, зерттеу пәнін, теориялық және әдіснамалық базасын ашып көрсеткен. Бірінші тарауда ШЫҰ-ны зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері арқылы қытайлық тәсілдің идеологиялық және стратегиялық негіздері, «Шанхай рухы» - ұйымның институционалдық және процессуалдық негізі ретінде қарастырылады. Бұл тарау аймақтық ықпалдасу мәселелеріне азиялық теориялық тәсілдердің ерекшелігін терең түсінуге мүмкіндік береді. Екінші тарауда «қарым-қатынасқа» негізделген қытайлық тәсілдің практикалық жүзеге асуы мен оның ықпал ету механизмдері қарастырылады. Үшінші тарауда ШЫҰ даму болашағы және Қытайдың стратегиялық рөліне талдау жасалып, оның Қазақстан үшін мүмкіндіктері мен тәуекелдері бағаланады.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	
	1) <u>сәйкес келеді</u> ;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу нәтижесінде мақсатқа жету үшін қойылған және шешілген міндеттер логикалық түрде қалыптастырылған.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары толық өзара байланысты. Ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант ұсынған жаңа тұжырымдар дәлелді, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни талдау жасалған. Жан-жақты талдау жүргізілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа болып табылады. Отандық тәжірибеде зерттеу жұмысы алғаш рет ғылыми талдау пәні ретінде қарастырылған (идеологиялық және стратегиялық негіздері талданған). Осылайша оның құрылымы мен мазмұны кешенді түрде зерделеніп, нәтижесінде зерттеу мақсаты айқындалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жүргізілген зерттеу нәтижесіндегі диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. «Шанхай рухын» зерттеу арқылы оның ұйымға мүше елдерінің, оның ішінде Орталық Азия елдерінің өзара ынтымақтастығының артуыны ықпал етуі және бейімделуі анықталған. Бұл аймақтың дамуында үлкен жетістікке алып келгені туралы қорытынды жасалған.

	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін қолданылған техникалық және технологиялық шешімдер жартылай жаңа болып табылады және толықтай негізделген.
	1) <u>толығымен жаңа</u> ;	
	2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ;	
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда салмақты дәлелдемелерде негізделген және заманауи шетелдік және отандық зерттеулерге, статистикалық мәліметтерге, мемлекеттік тұлғалардың ресми мәлімдемелеріне сілтеме беру арқылы нақтылығы расталған. Зерттеудің іргелі базасын құрайтын деректердің кең ауқымы қолданылған. Сараптамалық сұхбаттар арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	1-ереже. 7.1. Дәлелденген 7.2. Тривалды емес 7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденген: Nazarova K.B., Dauen D.B. Prospects and trends in the development of the Shanghai Cooperation Organization (Chinese approach and China's role in this organization) // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2024. - №2 (109) https://doi.org/10.26577/JOS.2024.v109.i2.010
	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	
	7.1 Ереже дәлелденді ме?	
	1) <u>дәлелденді</u> ;	
	2) шамамен дәлелденді;	
	3) шамамен дәлелденбеді;	
	4) дәлелденбеді;	
	5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
	7.2 Тривиалды ма?	
	1) ия;	2-ереже
	2) <u>жоқ</u> ;	7.1. Дәлелденген 7.2. Тривалды емес

	3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденген: Nazarova K.B., Dauen D.B. Prospects and trends in the development of the Shanghai Cooperation Organization (Chinese approach and China's role in this organization) // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2024. - №2 (109) https://doi.org/10.26577/IOS.2024.v109.i2.010 2-ереже 7.1. Дәлелденген 7.2. Тривиалды емес 7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденген: Nazarova K.B., Jian Wen, Sagindykova Zh.K.. Comparative analysis of the approaches of Russia and China to the development of the Shanghai Cooperation Organization // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. - 2023. - №3 (144) https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-71-79 3-ереже 7.1. Дәлелденген 7.2. Тривиалды емес 7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденген: Nazarova K.B., Dauen D.B. The new geopolitical reality in the SCO space», Asian Journal of Political Science https://doi.org/10.1080/02185377.2024.2447995 4-ереже
--	--	--

		7.1. Дәлелденген 7.2. Тривалды емес 7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденген: Nazarova K.B., Dauen D.B. The new geopolitical reality in the SCO space», Asian Journal of Political Science https://doi.org/10.1080/02185377.2024.2447995
		5-ереже 7.1. Дәлелденген 7.2. Тривалды емес 7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденген: Nazarova K.B., Dauen D.B. Роль Китая в Шанхайской организации сотрудничества и его стратегические интересы» // Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова. Казахстанское востоковедение - №1 (2025) DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.175
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Өдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>ия</u> ;
		2) жоқ.
		8.2 Диссертация нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және
		Компьютерлік технологиялар қолданылмаған, дегенмен ізденушінің диссертациялық жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Жұмыста ғылыми

	интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	зерттеулердің қазіргі заманғы талдау, жүйелеу, топтау, концептуалдық тәсілдері пайдаланылды.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациядағы негізгі ғылыми қорытындылар жеткілікті дәлелдермен және сенімді дереккөздермен негізделген. Жұмыста келесі құжаттар қолданылған: Еуропалық қайтақұру және даму банкі (ЕКДБ), Дүниежүзілік банкі сияқты қаржылық құрылымдардың құжаттары, Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан үкіметтерінің ресми жарияланымдары. Транскаспий халықаралық көлік маршрутын дамыту және жаңғырту перспективаларын зерделеу мақсатында Еуропалық қайта құру және даму Банкінің «Еуропа мен Орталық Азия арасындағы тұрақты көлік байланыстары» атты есебі талданды. Каспий мен Орталық Азия аймақтарының транзиттік әлеуетін толық ашуға және жүк тасымалы көлемін арттыруға бағытталған Ақтауда қол қойылған «жол картасы» қолданылған. ҚХР мен ҚР арасындағы көлік саласындағы екіжақты ынтымақтастықты сапалы талдау үшін 2023 жылы қабылданған ҚР Үкіметінің № 911 қаулысы – «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы «Транскаспий халықаралық көлік маршрутын дамыту туралы» келісімге қол қою туралы» құжаттары зерттелген.
	1) ия;	
	2) жоқ.	Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен	

	расталған / ішінара расталған / расталмаған.	
9	Практикалық құндылық қағидағы 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жок. 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок. 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 250 әдебиет өңделген, яғни шолуға жеткілікті болып табылады. Алынған ақпарат зерттеуді жоспарлау барысында және алынған нәтижелерді талқылау барысында қолданылды. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Диссертацияда қытайлық тәсілді зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық тұжырымдар ШЫҰ даму үдерісін зерттеу ісіне өзіндік үлесін қоса алады және диссертация материалдары Қытайдың сыртқы саясатының эволюциясын зерттеулерге пайдалы. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қытайдың сыртқы саяси тәжірибесі мемлекеттік құрылымдар үшін теориялық және практикалық құрал ретінде пайдалануға келеді. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы шығыстану саласы бойынша дерістерде, арнайы курстар мен оқу құралдарын дайындауда пайдалануға болады. Диссертанттың практикалық ұсыныстарының жаңалық дәрежесі жартылай жаңа, сенімді және ғылыми негізделген болып табылады. Ізденушінің диссертациялық зерттеуінде тарихи, экономикалық, әлеуметтік материалдардың айтарлықтай кең көлеміне, сондай-ақ қытай, орыс және ағылшын тілдеріндегі ресми құжаттар, статистикалық көрсеткіштер мен БАҚ жарияланымдарына сүйегендігін байқауға болады. Диссертацияда көтерілген мәселелер ары қарайғы зерттеуді қажет ететін жаңа проблемаларды айқындап, бұл саладағы зерттеудің практикалық маңыздылығын арттыруда.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиль ерекшеліктерін толық сақтаған, талдау өз тарапынан қорытындылаумен жалғасқан. Кейбір стилистикалық және техникалық қателер зерттеу жұмысының сапасына әсер етпейді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертанттың академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Диссертацияның құрылымы логикалық тұрғыда жүйелі және толық, ғылыми үлгісінде, халықаралық стандартқа сай жазылған. Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары толық өзара байланысты. Ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Дегенмен, жұмыста бірқатар қайталауларға жол берілген, сонымен бірге техникалық қателіктер кездеседі. Аталған кемшіліктер зерттеу жұмысының маңыздылығына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарияланып, ғылыми конференцияларды апробациядан өткен. Диссертация тақырыбы бойынша 5 мақала жарияланған, оның біреуі халықаралық ғылыми журналда (Scopus базасында), ал төртеуі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық басшыларда жарық көрген. Сондай-ақ диссертант шетелдік және республикалық конференцияларда төрт баяндама жасаған. Бұл жарияланымдар докторанттың тақырыпты терең меңгергенін және нәтижелерінің ғылыми құндылығын растайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Назарова Кулайша Бимаханбетовнаның «Шанхай Ғылымға қатыстық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың ұйымдағы рөлі» атты диссертациялық жұмысы мазмұны жағынан да, ғылыми нәтижелері тұрғысынан да PhD дәрежесіне қойылатын талаптарға

		толық сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген, мақсаты мен міндеттері орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы жоғары деңгейде дәлелденген. Жұмыс құрылымы жүйелі, әдіснамасы негізді, тұжырымдары сенімді. Рецензенттің шешімі бойынша, аталған диссертация қорғауға ұсынылады және диссертант Назарова Қулайша Бимаханбетовна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеледі.
--	--	--

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразиялық ұлттық
Университеті,
Шығыстану кафедрасының
менгерушісі,
философия докторы (PhD)

Г.У. Биримкулова

